

**Бағдат МҮБӨРАҚ**



**АЛТЫНКҮРЕК**

Жыр кітабы

**ҚАРАҒАНДЫ – 2018**

**Бағдат МҮБАРАҚ.**

**АЛТЫНКҮРЕК**/жыр кітабы

– Қарағанды: «Мағжан» баспасы, 2018. 100 бет.

«Алтынкүрек» желі қыстың көбесін сөгіп, көктемді алып келеді. Ақын Бағдат Мұбарактың бұл жыр кітабы да сол іспеттес. Жан сарайына поэзия желі боп еніп, жылылық сыйлайды. Махаббат, елдік пен ерлік, уақыт нақындағы өлеңдер ақынның өзіне тән мінез-бояуымен ерекше.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

## ҚАРШАДАЙ ҚЫЗ

### I

Қаршадай қыз  
Жиі баққа барамыз, шаршамаймыз.  
Бірімізге айта алмай сырымызды,  
Түк таппаған адамдай тал санаймыз.

Есте қалар күніміз бүгін дейміз,  
Бәденді едің бәйшешек бүріндей қыз.  
Бір қоштассақ айрылып қалатындай,  
Таң рауандап атқанша гүл іздейміз.

Иран бағым,  
Қалай сонда кеудеме сиған жаным?  
Иман жүзің ып-ыстық сүйген кезде,  
Ибалылық белгісі қиналғанның.

Мамықтай маужыратып жасыл желек,  
Кеудеме кеп төсенді басың кенет.  
Жұбатуға сөзім жоқ кемсеңдейсің,  
Қаршадай қыз не деген жасың көп ед?

Сосын түк те айтпаймыз, ақтарылып,  
Өше берсе қайтеміз жаққан үміт.  
Маңайыңа қарайсың мұңға батып,  
Бақыт тауып алардай бақта жүріп.

Айдыныңды алаңсыз тәуір сырғып,  
Қанатымды алмашы қауырсын ғып.  
Өріктей өңің сынып отырғаның,  
Құдай-ау, жүрегіме ауыр сұмдық.





Сөндірмей жылдам,  
Ғашықтық отын маздаттым  
төндірмей бір ылаң.  
«Кінәлісің» дегенді шын  
ұққандаймын,  
Жанарына тығылған мөлдірдей  
мұңнан.

Табыса жүдеп,  
Неге құнттамайды сыңарын  
таныса жүрек?  
Әр тал шашы да сезімнің  
хабаршысындай,  
Жел соқса болды ерніме  
жабысады кеп.

Басқаға шыдар,  
Тәңір-ау, маған қай күні  
аспан ашылар?  
Құшақтап алып, мойынымнан  
иіскейді де,  
Жеп қойғым келед, - дейді ғой...  
(масқара шығар).

Қара мең ғана,  
Емес-тін сосын ерекше саналы ең дара.  
Он сегіз жасқа толмаған  
оймақ ауызды,  
Бақ ішінде болдым-ау баламен бала.

Кім ашар бағын?  
Сеземін сыздайтынын да жыласа жаным.





\*\*\*

Жүрегімде тулайды сезіп мынау  
Үй болуға бұрғанда ырықты біз  
Қарқаралы жерінен кезіктің-ау,  
Қабырғамнан жаралған қылықты қыз.

Гүл бөктер бүр жарғандай  
жаңа ашылып,  
Келісті қас-кірпігің, қабағың да.  
Ақындар жыр жазатын аласұрып,  
Шайтанкөл сенің мөлдір жанарыңда.

Періште боп туғансың қалай, қарғам,  
Әппақ өңің әдемі сәл қызарса  
Бесін күн сәулесімен арайланған,  
Көзіме елестейді «Жалғыз арша».

Ақсораңның басынан бұлт айналса,  
Қарқаралы көз тігер мұнарланып.  
Нәсерден соң ну орман шырқай қалса,  
Сұлулығын жасырып, тұманданып.  
Сондай ғажап сиқырдан сыр аңғарып,  
Шықсаң болды алдымнан  
сылаң қағып.

Бұлбұл бағын әуелі қыдырып ап,  
Гүлдің бәрін сыйлармын Айға ғашық,  
Жырдың нәрін жүрекке сіңдіріп ап,  
Тілдің дәмін татармыз аймаласып.

Жүрегім де тулайды сезіп мынау...





\*\*\*

Небір ғажап азаматты сорлы еткен,  
Шыңырауға құлағанмын шөлмектен  
Қара қызға қара қазан болды өкпем,  
Мені құртқан – сол Көктем.

Сайтан алғыр білсе соны тоты қыз,  
Шалыс басқан сайрап жатыр жосын із.  
Елдің айтып жүргендері өтірік,  
Мені қайтып жөнге салған – осы Күз.

МЕЗГІЛ

Көкте-е-ем, мен сені сүймейтін  
болдым,

Жаһанды жұмақ қылсаң да.  
Басымды имейтін болдым,  
Мың жерден ұнап тұрсаң да.

Күз, мен сені сүйдім сары алтын  
кейпіңді.

Кезінде ызғары ұнамаған,  
Даламда жанар тұр сүйкімді.  
Дәл бұлай қызға құламағам.

Ақшулан ақ қырау шалған,  
Сыңары жүрегім күздің.  
Ұқсайды ұсқыным да әрі,  
Құс жолынан күдерімді үздім,  
Балқашта құс қырылғалы.

Қаланың сайқал қызындай,  
Бұл көктем несін біледі,  
Көңілді арудай аулайды немен?  
Бәрібір күз жігіт шешіндіреді,  
Айттым ғой аумады менен.

Бір көктемді сүйгенім бар-тын,  
Беріліп бекер сезімге.  
Жақсы көруші едім,  
Қойылды нүктесі неден?  
Бірақ ол кетер кезінде,  
Қош, жаным, күтпеші деген.



Көктемді сағына тосқан,  
Түсiрдiң көпке беделiмдi.  
Һәм бөлкiм ұнамады өлең.  
Не үшiн өкпелегенiмдi,  
Сұрама менен!

АЛМАТЫНЫҢ АРУЫ

Сарғайып жүріп, сарқылып біттім...  
Шыдармын  
Шырмауық құсап шыңыма түгі  
шығармын.

Қыр-сыры жұмбақ қиялымдағы  
қыр қызын,  
Қызғалдақ көрсем, қызғанатынды  
шығардым.

Жамырап жұлдыз барымен  
базар қарға түн,  
Барыңды, сірә, бағаламаған  
бар ма ақын?  
Адамның бәрі анамдай – дейтін,  
аңқау қыз,  
Аузыңнан түсіп қалғандай екен  
Алматым.

Сын айтқан саған сұңғыла ақын  
сол кісі,  
Шайырдың бірақ, тұңғышы да емес  
соңғысы...  
Ары да таза, арманы адал арудың,  
Бұл Алматыға ұқсамайды мүлде  
болмысы.

Көңілге медеу – жылғада бұлақ,  
бөктер гүл,  
Тіл – көзім тасқа,  
Жанары қандай мөп-мөлдір.



Қарғысқа қалғыр қарындыларды  
қоздырып,  
Үр қыздарымның көз жасы сіңген  
көктем бұл.

Жаңбырлы бұлттың белгілі  
бізден кетері,  
Алатау шығар мекені.  
Тағдырлы ұлдың ғашық екенін  
сездіріп,  
Күркіремей-ақ, сіркіреп өтсең жетеді.

\*\*\*

Сұлуым менің,  
Суыдым сенен,  
Мұздадым.  
Еркімді беріп,  
Сертімді және бұзбадым.  
Жолымнан менің жолыққан бақыт,  
түбінде,  
Қолыңнан сенің таусылса деп ем,  
тұз-дәмім.

Түнекке сіңді жырларым айтқан  
жорамал,  
Басқасы-басқа, жаным-ау,  
саған сол адал.  
Ол қайбір сенің дертіңе дауа болады,  
Алайда өзге жоқ амал!

Қураған тамыр,  
Үлгермей қаулап сордан біз,  
Бақытсыз жандар – балтаға түскен  
орманбыз.

Мен жүретін соқпақ көп,  
Сен жүретін жол жалғыз.  
Адаса көрме өтінем!  
Маған ғашық болған қыз!!!



\*\*\*

Бәріде есте түртулі,  
Қайран жастық,  
сағынам сол шіркінді.  
Ғашық болып қалар ма екем біреуге,  
Мына көктем, біртүрлі.

Қандай тағдыр қол бұлғап тұр,  
белгісіз,  
Не істе дейсіз, енді Сіз?!  
Кем-кетікке көзді жұма салатын,  
Келіншектер, кейбір қызға бергісіз.

Құстың ерте келгеніме қалаға,  
Қыстың келте болғаны да жаман, ө?!  
Миды қойшы, ойлағанын істейді,  
Жүрек оған бара ма?!

Махаббатты жырлаудай-ақ,  
жырладым,  
Маржандай-тын, мұңдарым мен  
сырларым.  
Біздің сезім, сондай, мөлдір сезім ғой,  
Ал, не дейсіз, сырғалым?

Өзі қысқа ғұмырды да көп көрген,  
Уақыт-ай, текке өлген.  
Майдандастар, сендер де сақ болыңдар,  
Бәрі шығад, көктемнен!

МУЗА

Үзіліп түскен үлбір ме дедім,  
Қарақат – меңді, бүлдірген – ерін.  
Сезбейсің рахат жүзіңді көріп,  
Дуалы ауызда тіл күрмелгенін.

Балқытты бойды саусағың сырғып,  
Қараптан-қарап, қаусадым сұмдық.  
Көзіңнен тұнық-өзімді көрдім,  
Мөлдірдің жүрген кәусарын сүңгіп.

Сымбатты жансыз ер оңа ме екен?  
Сеңсеңім болса сені орап өтем.  
Қаңтарда бұлай құласам саған,  
Маусымда Құдай, не болады екем.

Аңсарым ауған-гүл көрмей далмын,  
Сол кешке сәулем білгендей бардым.  
Үмітке бола бір жұлдыз ақты,  
Арманымды айтып үлгермей қалдым.

Хафиздің саған бергісіз жыры,  
Әспеттеу деме енді Сіз мұны.  
Шаһарға бір мең татитын болса,  
Менде де мең бар – белгісіз құны.

Жалыны іспеттес жанары оттардың,  
Шарпыған өртке қарап оқталдым.  
Жігері мықты жігітпін деуші ем,  
Жүрегі жасық бала боп қалдым.



**ҚИЯЛДАҒЫ АРУ**

Секілді екенбіз көктем, күз,  
Бір жылып, бір суып кеткенбіз.  
Сені іздеп сабылып жұмін ғой,  
Мен үшін нақақ жас төккен қыз.

Әйтеуір жоқ емес бармыз біз,  
Тоғыса алмаған тағдырмыз.  
Қосылсақ аққудай сыңармыз,  
Немесе мәңгілік жалғызбыз.

Өмірге өлердей құмармыз,  
Егіліп емендей сынармыз.  
Мүмкін біз бір жерде кездесіп,  
Таныса алмаған шығармыз.

Жібектей мінезің ұяңдау,  
Қиялдау, өзіңді жиі алдау,  
Жарыққа шыққаны өлең боп,  
Қалыпқа сені ойлап сыйа алмау.

Сағымға айналып сәттерім,  
Дерексіз жырға мол дәптерім,  
Айтпайын деп едім, айтқыздың,  
Қыпша бел, күлім көз, тәтті ерін.



Амал қанша, армандас,  
Біздің үміт бір үзілсе, жалғанбас.  
Қара жерді түбі қаққа бөледі,  
Ғашықтардың жанарынан тамған жас.

Дерт екенін жаңа ұқтым,  
Байыбына жатыр дейсің барып кім?  
Құсалыға қапас екен, жарық күн,  
Жаным, саған жалынудан, жалықтым!

Қызғалдақтай қарағым,  
Сарғалдақтай сарғайып көп қарадым.  
Үп еткізсем сағыныштың самалын,  
Үзе ма деп қорқам сүйрік сағағын.

Қинайтыны сол жаным,  
Қалай көрем, көз алдымда солғанын.  
Қызғанған соң көлеңкеңнен қайтейін,  
Қызғыш құсап келеді екен қорғағың.

Жару үшін сен бүршік,  
Қауызыңа бір тамшы жас қонды  
ыршып.  
Қанша маңғаз болсаң-дағы гүлім-ау,  
Еңкейтуге жетер сені мөлдір шық.

Күдер үзіп қамықтым,  
Күрең жырды кермесінен ағыттым.  
Ұмыта алмай, күйзелгенім болмаса,  
Жаным, саған жалынудан, жалықтым!



## ПӘК

Боялмаған - ерін,  
Оянбаған - сезім.  
Шықтың ғұмырындай,  
Мөлдіреген кезің.

Қарғалдаққа - сыңар,  
Қол жетпейтін - шынар.  
Қарабасты деген,  
Қалқам, осы шығар.

Аққу мойын - білек,  
Ауырмаған - жүрек.  
Неткен мінсіз - мүсін,  
Мінезі де - жібек.

Аспандағы - Айсың,  
Соған ғана - сайсың.  
Күндіз - сағынбайсың,  
Түнде - жыламайсың.

Қай өлеңнің - бағы,  
Қай сазгердің - өні?  
Құралайдың - лағы,  
Құлпынайдың - дәмі.

Ажары - атқан таңдай,  
Сілекейі - балдай.  
Төкәппарсың қандай,  
Тәп-тәттісің сондай.

Орындалмай қалған,  
Адамнан көп - арман.  
Өмір өттең - жалған,  
Не білесің, қарғам?



\*\*\*

Балауса,  
Балғын мінез,  
Балдырған қыз,  
Сен кетіп, бұл қалада қалдым жалғыз.  
Кемеріне шығарып тастаса да,  
Керемет сый күтеміз тағдырдан біз.

Қапқандай аңқамды кеп қыздың демі,  
Жұпарың қандай ғажап, күздің желі.  
Көңілі салқын тартқан келіншектей,  
Жағалаудан соғады сыздың лебі.

Қазан ұрды Балқашқа, қар жаумады,  
Аққу арман адыра қалды-ау, бөрі.  
Сыңары шағалаға айналған соң,  
Байғұстың келмей жүр ғой  
самғауға өлі.

Кілкіп ап сүт сезімнің қаймағын біз,  
Жолықпай баяғыдан қайда жүрміз?  
Түнде сығалағаны аз болғандай,  
Тереземнен қарайды Ай да күндіз.

Сұңғақ бой,  
Сүйрік мүсін,  
Сүмбіл бұрым,  
Өзіне тартатындай Күннің нұрын.  
Не деген табиғи бұл әдемілік,  
Искегендей боламын қырдың гүлін.

Құсадан баса алмаушы ем қара жерді,  
Құлпыртып жібердің ғой бар әлемді.  
Өзегім де доғарды өртенуді,  
Өмірім де өзгеріп сала берді.

От құшақ іздеген соң таңғы ызғардан,  
Боласың ғашығыңды сәл қызғанған.  
Сен де тоңып жүрсің-ау...  
Қайтем енді,  
Мен де оңып жүргем жоқ,  
жалғыз қарғам.



### СІЗГЕ

Ертегі-қиялдарға күнде сүңгіп,  
 Құлады бір тамшы жас түнде сырғып.  
 Өз басымның қайғысы аз болғандай,  
 Сізді ойлай беремін,  
 Бұл не сұмдық?!  
 Ғашықпын - деп жырлаған,  
                                 күз де жалған,  
 Дертінен басқа не бар, бізде қалған?  
 Тағдырыңа бір ақын алаңдаса,  
 Кім білсін, жоқ та шығар,  
                                 Сізде де арман!

Мына жүрек шаншыйды, жыламайды,  
 (Аурусың ба, саусың ба сұрамайды)  
 Содан соң баяғыдай лүпілі жоқ,  
 Негізі, көп нәрсеге шыдамайды.

Бұл сезім талайларды құртып тынған,  
 Е, кімнің шекесі бар шылқып тұрған?  
 Ажарымен ашылмас әйел бағы,  
 Ақылдысыз сол, мені, ынтық қылған!

Бақытты адамдайсыз, сыр бермейсіз,  
 Бәрібір біреуді аңсап жүргендейсіз.  
 Дұрысы, тез арылу керек бұдан,  
 Сіз де дәмеленбеңіз...  
 Үлгермейсіз!

\*\*\*

Құс жолы салған мезгіл кеңістікке із,  
"Жеңіс" саябағы деп, келістік біз.  
Кездесуге менімен келе жатыр,  
Ең әдемі перизат, ең ыстық қыз.

Ашылып ақ жауыннан аспан бірден,  
Қыркүйек,  
Кешкі салқын,  
Ақшам кірген.  
Айта бергім келеді, Әбілахат,  
"Әлі есімде" деп,  
жазған жақсы әнді мен.

Кеудемді қарып өтіп мұздай тағы,  
Керуенге ілесіп күз қайтады.  
-Көп күтіп қалдыңыз ба?  
Кешіріңіз,  
Кешіккен ғашықтар деп, бізді айтады.

Серуендеуге  
қалайсыз,  
Кеш құлады,  
Сезе қоймайтын шығар ешкім әлі.  
Көрмесе де, көргендей көкіп жүр ел,  
Сүйтіп адам ойлай ма, кетсін әрі!

Әңгімеге арқау боп сарғайған күз,  
Сарғайғанға жыр оқу - айлам жалғыз:  
- Күзді Сіздей түсіну қайда бізге,  
Ғажап!- деді, арманға айналған қыз.





Жөңкіліп бұлттар құсап көшіп арман,  
Өмірдің менде қандай өші қалған.  
Қабырғамды қаусатып кетеді ертең,  
Өзгенің жары болса, осы қарғам.

- Қайран күннің кете ме, сонша мәні,  
Сіз айтқан бақыт құсы қонса кәні?  
Біз әлі кездесеміз, аға - дедің,  
Ботам-ай, сен айтқандай болса бәрі,  
Ботам-ай, сен айтқандай болса бәрі.

ЖАУАП

Мұңға араша бола алмайды төзім кіл,  
Аңса, сағын, ойла сосын көзіңді іл.  
Өңіңде елес, кейіпкермін түсіңде,  
Өзің біл!

Ашу, ыза кек боп сенді қозғасын,  
Өлең деген... не көрмеген өз басым.  
Менің тағдыр-таланыма түрткі емес,  
Көз жасың!

Пешенеге жазылған соң көнерміз,  
Қарғап-сілеп, қаһарға мін, көгер қыз!  
Періштенің құлағына шалынса,  
Көрерміз!

Бақыт құсы қонар саған қалайда,  
Ұшуы оңай сондықтанда абайла.  
Мен туралы көп әңгіме айтпа тек,  
Жарай ма!

Өмір алда, дертке дауа қолайлы ой,  
Алдамшыға алдырмасың оңай бой.  
Енді ешкімді өліп-өшіп сүймеспіз,  
Солай ғой!



## ӨКІНІШ

Суы – бал,  
Ауа – шекер,  
Дала – сәуір,  
Қимай сені кетіп ем, қараша ауыл.  
Аға, сізді сағына күтемін деп,  
Менімен қоштасып ед баласы ауыр.

Еңсеңді езіп жіберер нала-мұңның,  
Зіл екенін білмейтін бала құрбым.  
Жымиып саусағыңа шашыңды орап,  
Алақаныңды сүйдің де, маған үрдің.

Дариға, сол кездесу болдың жалған,  
Енді екеуміз күтпейміз ол күнді алдан.  
Бөктерлі ауыл бүгінде бөтен маған.  
Бақытты жан кім екен сол гүлді алған?

Түн мұңайтып оятад, жұбатып таң,  
Бетегелі белдер-ай, құба тұтқан.  
Сенің тойың естідім бұрын бопты,  
Біз екеуміз келіскен уақыттан.

Ауа – тар,  
Суы – харам,  
Дала – мамыр,  
Сағынышпен салыппыз араға жыл.  
Ауылыңа қойып ед жолым түспей,  
Сен де келе қоймадың қалаға бір.  
Өкініш...





Қайратымнан қамсау жоқ құсаланып,  
Түршіктірді заманда түсі аларып.  
Жосын ізбен келемін жолымды іздеп,  
Түбінде бұл баланың ұшары анық!





### АҚИҚАТ ПЕН АҢЫЗ

Айтылып та келеді, жазылып та,  
Жаратқан қашанда жар аз ұлтқа.  
Адастырам десе егер қолында ғой,  
Тегін кеме тоқтай ма Қазығұртқа?

Мұхаммед (ғайлלהи-с-с-алам)  
құдыретке,  
Мәңгілік пана болған ұлы Мекке.  
Алланың сүйген жасы 63 – деп,  
Бабамдай кім бар түскен қылуетке?!

Қорқыттан мұра болған киелі еңбек,  
Қолтықтан сүрінгенде сүйеген кеп.  
Құранды оқығанда шіркін, осы,  
Қобызбен тұрар ма еді сүйемелдеп!

Естіні есіркеген бесік дала,  
Ескінің жәдігері – Есік қала.  
Топан су тауды шайып әкетсе де,  
Тарихтан төбәрік сол мешіт қана.

Айтылып та келеді, жазылып та,  
«Кеме тоқтап қалған», - деп  
Қазығұртқа.

Алайда, тышқан соны теспегенде,  
Қандай күн туар еді аз ұлтқа?...

АҒЫБАЙ БАТЫР ЕСКЕРТКІШІНІҢ  
ТҮБІНДЕГІ ОЙ

Бұқарға зәру заман бұл, Абылайға да,  
Таңқалып қара төбеден, танымай қара.  
Қытайдан – қайыр,  
орыстан – опа жоқ депші,  
Ай қарап жүрген Алашқа Ағыбай баба.

Айтам деп ғасыл елдің мұң-ғазалын,  
Адасып араладым құл базарын.  
Өзің қарап тұрмасаң дәл осылай,  
Өлетін жерін білмейд бұл қазағың!





## АСҚАР ТАУ

Дархандық дарыса да халқыма кең,  
Жан баласын таппадым нарқыңа тең.  
Ел айтады, білмесе неге айтады,  
Шіркін, менің мықты еді-ау, марқұм әкем.

Таң, Бесін, Екінті, Ақшам, Құптанға ұйып,  
Дұшпандарым жүрсін деп сырттан күйіп.  
Қолда – қалам, қызыл тіл – кәлимада,  
Сол үшін сен тұрасың, жұрттан биік!

Жығылма деп айтып ең, жасыма деп,  
Жағаласып тірлікпен басым әлек.  
Тәрде тұрған мән бермей суретіңе.  
Жібитінім несі екен Тасыңа кеп?

Қабіріңе шөп емес, гүл шығыпты,  
Гүлдей іңкәр етіп ең тіршілікті.  
Сен кеткелі Жосалы мылқау еді,  
Кейін көзі жетті ме, тіл шығыпты.

Таршылықты ертерек аңғарғанбыз,  
Қазір, әке, қол создық арманға біз.  
Мені сүйіп, сізге бас ием дейді,  
Бір қыз барып тәу етсе, таңқалмаңыз.

Қалам ұшын іздеді домалап ой,  
Көп көрсетпей кетіп ем молаңа бой.  
Жыр оқыдым, содан соң қолды жайдым,  
Қайсы жақса рухыңа, соны ала ғой.

ҚАЙЫРЫЛУ

Дегенде: тозақ оты лаулайды алдан,  
Жан тәтті, діннің жолын  
аулайды арман.  
Түркінің ұрпағына ішім ашыйд,  
Түлкінің құйрығынан аумай қалған.

Өлем бе, үлде менен бүлдеге еріп,  
Қойшы енді, адам болам дінге берік.  
Жәннатқа бару үшін жанталасам,  
Тозақты жүрмін өзі күнде көріп.

Не бітірдім?... Қойшы енді адам болам,  
(Өрине қатысы жоқ саған да, оған).  
Базарым тарқағанда бір білерім:  
Назарын аударады қоғам маған.

Жүргендер беттің арын белге түйіп,  
Сөйлейтінін қайтесің елге кейіп.  
Шіркін-ай, алтын басым адамына,  
Армансыз иілсе ғой жерге тиіп.

Шарифаттың ақ жолы сетінеген,  
Құлдар лағып барады бетіменен  
Адамзатты заң жөнге сала алмайды-ау,  
Алланың қолыменен бекімеген!

Күнің осы жақ болса аққа жаның,  
Мәңгіге сотталған да, ақтарармын.  
Патшаны – Пайғамбар деп үкіметтің,  
Үмбетіміз дегеннен сақта Раббым!



Тоңмойын топастар-ай жалғандағы,  
Арамдықпен іске асқан армандары.  
Бағдат, адам болам деген кезде,  
Біз не болдық? – деп жүрсін  
қалғандары.

\*\*\*

*Ауылда 10-оқитын көрші қыз  
бала түкке тұрғысыз қаңқу  
сөзге намыстанып, өзіне-өзі қол  
жұмсады. Қыршын жастың  
қиылып тұсуіне себептің сыйқы  
осы. Соңғы қоштасу хатында бар  
болғаны: «Өтіп бара жатқан өмір-  
ай...» деп жазған.*

Субхан Алла сүннет құрған саптамын,  
Мендей-ақ біл шариғаттың шарттарын.  
Мұқым түгіл, мүмін кейде сезбейді,  
Мәңгілікке маңып бара жатқанын.

Еш адамның ала жібін аттамай,  
Жұлдызыңның жанбай жаттып  
аққаны-ай.

Бәлиғатқа толдың-дағы жөнелдің,  
Лә иллаһа ил ла Аллаһты... жаттамай.

Тартымды еді қылығың да, бұрымың,  
Өз қолыңмен келте болды ғұмырың.  
Не үшін келдің? – деген кезде  
мақшарда,  
Не деп жауап береді екен құлыным?

Қызғалдағым көз алдымда гүлдеген,  
Ұрпақ ділгір бойың да еді – діл деген.  
Не жаздырып қойдың, қалқам, ағаңа,  
Тірі жүрсең шығар еді-ау түрлі өлең.



Енді салып қажетіне безбенге,  
 Бойжеттің де ғайып болдың көзден де.  
 Бүйтер ме едің аймаласып жігітпен,  
 Сүйісудің ғажаптығын сезгенде?!...

Аяқасты ажал сені жұтқанда,  
 Аң-таң болып қалған шығар  
тіпті Алла.

Есі кетіп жүрді ме екен бір сері,  
 Сүйкімді боп сен көшеге шыққанда.

Саған енді, қыршын кеткен құралай,  
 Өлең жазу мүмкін емес жыламай.  
 Көріктіні көрге көміп тастаудан,  
 Өткен азап барма өмірде, құдай-ай?!

Неткен ауыр, азалы еді сол апта,  
 Сендей қызға не қызық бар о жақта?!  
 Қоштасу да білмейсің-ау, білмейсің,  
 «Өтіп бара жатқан өмір...» сол-ақ па?!

Бүтін ауыл бүлдіршіннен айрылып,  
 Қараша үйге қайта келді қайырылып.  
 Жұрт көзінен жырақ кетіп аулақта,  
 Солқ-солқ етіп жылады екен қай жігіт?

Өзіңдей жан құтқармаса түрлі ойдан,  
 Ол байғұстың ақыл-есі күнде ойран.  
 Арда азамат аман болсын, құлазып,  
 Ғашығының көктасына гүл қойған.



Алғашқы қар,  
Мендік іңкәр ғұмырды жалғастырар  
Құс кеткелі зарығып күткенім-ай,  
Биыл тағы алдапты албастылар.

Дірдектеген,  
Торғай үшін жазбаймын міндетті өлең.  
Ол түгілі көшпелі құстарға да,  
Бұл Балқашқа кім келіп, кім кетпеген?

Өлең өлкем,  
Ізгілікті аңсаймын сенен, еркем.  
Қалғандары қамымен қара бастың,  
Мен үшін бе, өзі үшін келеді ертең.

Ақ-қараны,  
Адам ажыратпай да бақ табады.  
Аспаннан өрең қалқып түскен ұлпа,  
Қыздың ары сияқты тапталады.



## ҚҰЛАЗУ

Аяулы ана бейнетің де белшеден,  
Өмір өстіп өксіп келед өлшеген.  
Қомақты үлес қоса алмадым үйіме,  
Қызмет тауып жүрсем дағы кеңседен.

Жазайын деп отырғам жоқ күшті өлең,  
Жетпесе оған жетпей қойсын ішкі өрем.  
Ыза болған қиындықпен күрессем,  
Ырза болған әкем жайлы түс көрем.

Кебегімен болса-дағы керегі,  
Кемелімен толса дағы кемері  
Сенері жоқ бала болдық себебі  
Ішінді ұрайын, ішіп кеткім келеді.

Ауылымның әлеуеті төмендеп,  
Шешем айтқан қала жаққа жөнел деп.  
Байға қылсам ба екен көп еңбек,  
Қайда барып көсегеміз көгермек?

Мәмілеге келдім лезде күтпеген,  
Бәрін тастап мен осыны құп көрем.  
Бүгін түнде шығып кетші, қу жаным,  
Сен де ұзақ жата бермей шық, денем.

Қарыз болса салыңыздар кешіре,  
Әрине онда барғым келмейд жүкпенен.  
Бұдан басқа сұрамаймын түк те мен,  
Мені қойшы...  
Бітті өлең!

\*\*\*

Жыртық үйден түседі үт сығайлы  
Халды қойшы, жүрген жоқ  
арым жүдеп  
Өмір сүрем ешкімнен түк сұрамай,  
Өз несібем бір уыс тарымды жеп.

Бір сәт осы кезімде есіме алғам,  
Шер-шеменнен уақыт жоқ,  
дамылдайтын.  
Шекпенімді жасымда шешіп алған,  
Өткенімді шығармын сағынбайтын.

Тірнектеген желім боп жеген ұнтақ,  
(Бұл тағдырым түспесін байқа саған).  
25-ті сұраса келер ұрпақ:  
- Шайқап-төгіп жүрдім – деп,  
айта салам.





## ТҮС

Қап тауының басынан көтеріліп,  
Біздің жаққа келеді жеке бұлт.  
Өзінше бір дауыспен күркірейд те,  
Тереземді бұршақпен өтеді ұрып.

Тәп-тәтті қимай жылы ұйқыны да,  
Ұйқылы ояу жаттым да қиқуына.  
Деп қоямын өзінше білгірсініп, -  
Табиғаттың шегі жоқ сиқырлы да.

Міне, ғажап, құдырет сәл кейін де,  
Расул ағам жүр екен әлгі үйімде.  
Маңдайымнан иіскейді  
  қолымды ұстап,  
Содан соң жыр оқиды, әлдиін де.

« - Құлыным, қор боп кетпе  
  қышқылды ішіп,  
Жыр жаз, - дейді,  
  кеуденді ұшқын қысып».

Иман жүзді адам ғой екеуара,  
Мен де оған жыр оқимын  
  қыстырылысып.

Жеке бұлт кетер кезі жақындады,  
Ерсем деймін, қимаймын ақынды әлгі.  
Бата беріп, бет сипап жоқ боп кетті,  
Басқалардай қол бұлғап шақырмады.

P.S. Міне, осылай жүк артып  
талабыма,  
Таң ата жас үйіріліп жанарыма.  
- Түнімен қолымды ұстап  
жыр оқыдың -  
Деп, інім ренжіп кетті сабағына.



НАЛА

Кімге шағам, мұңымды, кімге шағам?  
Секілдімін сайтандай жынды еселаң.  
Келте жалған тартармын кеселінді,  
Менің ішкі сырымды білмесе адам.

Кім тыңдайды мұңымды,  
кім тыңдайды?  
Жалғаннан өтсем, боларсың  
жұртым қайғы.  
Ессіз ел егілерсің есіңе алып,  
Барында менсінбеген  
«қыртың» жайлы.

Кім ұғады мұңымды, кім ұғады?  
Мүжіп бітер күтсеңдер мұңымды әлі.  
Жырымды оқып жоқтарсың  
содан кейін,  
Ұлығаның жаңғыртар құбыланы.

Кім түсінед мұңымды, кім түсінед?  
Неге сонша қияли бұл кісі – деп.  
Періште жырымды оқып өзөзілдер  
Миығынан тұр, сірә, күлкісі кеп.

Кімге барам, қажыдым, кімге барам?  
Күндіз күлкі, ұйқы жоқ түнде маған.  
Қамшының сабындай-ақ  
бұл ғұмырдан,  
Не жетсін біліп өлсе бірдеңе адам.

Неге түсті демендер, ұлым, еңсең,  
Мен сияқты мүлгіп көр түнімен сен.  
Бұлар өзі осылай демендерші,  
Ел аман, жұрт тынышта күңіренсем.

Не боп кетті құлдарың,  
Алла-ай, мына?

Дардай мына қарама хал-жайыма.  
Мәңгі ғұмыр кессе де келіспес ем,  
Мәңгі ғұмыр жазбапты маңдайыма.

Ендігі жыл, ендігі ай, ендігі апта,  
Кім білед, қалар, бөлкім, ел жылап та.  
Қабырғасы қайысып отырғанда,  
Рахаттанып жатармын мен жұмақта.



ТОЛҒАНЫС

*(Дәрігер Бөгенбай Ашықбаевқа)*

Мен мазасызбын,  
Тірлігіме төкәппар шарасызбын.  
Арасынан мансапқор мәңгүрттердің,  
Бөлек көрем тұлғаңды, аға, сіздің.

Бөке, дедім,  
Иә, мен де, барлығын көтеремін,  
Көре алмайтын «көсемнен»  
қажып біттім,  
Жас болсам да келеді кете бергім...

Көке, дедім,  
Сізге шығар мұңым бар жеке менің,  
Күнім шықпай ылғи да ылдидамын,  
Үнім шықпай басында не төбенің.

Тәңірім һаққа ұлып,  
Қап терісін түйенің басқа буып.  
Ұлысыма қолымды бірақ сілтеп,  
Жүре алмадым дәулет пен ақша қуып.

Білмеймін ұшарымды,  
Қанат қақсам, ашып тұр құшағыңды.  
Мына дертім асқынса алаңдаймын,  
Ләм демейді-ау , ине мен пышағыңды.

Аға дедім,  
Сен де сұсты, сұмдықты дара көрдің.  
Естігім кеп осыны өз аузыңнан,  
Кейде сізге келеді бара бергім.

Орынды өлең,  
Мен түбінде музаның жолында өлем.  
Жылап тұрған жырымның  
жасын сүртіп,  
Сипалашы шипалы қолыңменен.

Шалдығып шөлдемеңіз,  
Тозды тобыр, біз қалай өң береміз?  
Бәрін айт та, бірін айт ішқұсадан,  
Ада боп, аға, қашан емделеміз?!



## ЖҰБАТУ

Солай, досым, бәйтерегің сұлады,  
Босама енді, ауысты әмсе тұрағы.  
Көрмейді көзі, естімес шуды құлағы,  
Алладан сенің саулығыңды ол сұрады.

Қынжылма, досым, зерделеп  
алшы мынаны:

Менің де шыңым заңғар-тын  
кеше

құлады.

Екеуміз ғана солардың сұлу шынары,  
Тақуа-тірлік таласып өстіп тұрады.

Қалғандар қайтсын, құбылаға  
мойын бұрады,

Қауқарсыз күйде мінәжат  
қана қылады.

Кемсеңдеп менің көкірегім  
қоса жылады,

Тұмшалап таза тұл тағдырдың тұманы.

Иманын тіле, үйіңнен мәңгі шығады,  
Түсінем, достым, толғантар сені бұл  
әлі.

Құпия жалған болмайды ертең кінәлі,  
Жанарыңды алған моншақ  
жас түбі тынады.

Сезіндім мен де, қара жер,  
тоймас құмарың,

Солқылдап сен де бұладың, қайтейін  
сыңарым.

Сұрқия өмір тауыспас бақи сұрағын.  
Ұғамын,  
Бірақ жүдемеші, шырағым.

Өксиді үнсіз Ақсораңның мұнары,  
Қоштасты,  
Бітті.  
Оқылды арыс құраны,  
Қазаңа қалқам, мыңқ етпей  
жаны ашымай,  
Фөнидің соңғы шұңқыры күтіп тұр өні.  
Қош...





\*\*\*

Қаланың іші,  
Далада қалдым,  
Көлігі бар әкетпейді бір жан іліп,  
Тұнжырадым тағы да түн жамылып.  
Кафесі көп қалада жастар ырза,  
Әкесі жоқ бір бала жүр қаңғырып.

Өркениет болғансың, есіл жерім.  
(Өкпелесең демеші, не үшін келдің)  
Балапандай жылы үйде мәпелеген,  
Алақандай ауылым, кешір, менің.

Өкпем өшіп шаршадым, ыс жамылғыр,  
Қырсыққандай қалады қыста қыңыр.  
Құлыным, сол қара өлең қарапайым,  
Қадіріңіз осында, қысқа ғұмыр!



МҰҢ

Шоқ болып келдім өмірге,  
От болып жалын көтердім.  
Шөкімдей мұң бар көңілде,  
Күл болып ұшып кетермін.

Арманға бірде сұғылам,  
Түбінде жетпей жығылам.  
Сағымдай болып құбылам,  
Сабындай кейде бұзылам.

Шошынам індет кеселден,  
Қайырымсыз пенде кейпіндей.  
Біреуді мүсін – десем мен,  
Өзімді мүскін дейтіндей.

Қоғамға лайық сөз етсем,  
Данышпансымақ дес бермес.  
Ал соны өңкей бөз өкпең,  
Естиді, бірақ ескермес.

**ҚАРАҢҒЫ**

Қаражат деген қанымды ішті,  
Көтере алмайды-ау сорымды иық,  
Аңғармағандар зарымды ішкі,  
Кетіпті тағы тоғымды қиып.

Жарылқар жан жоқ  
жарық қылам дейтін,  
Қараңғы бөлме, қараңғы дала.  
Қалаға барсам қарық қылам дейтін,  
Аяулы ана, баланы қара.

Ай да тұтылып, қырсығып маған,  
Жүр ме екен  
«жырдан талабыңды үз» - деп.  
Шабытым келіп тұншығып барам,  
Қараңғы жерде қаламымды іздеп.

Алаңсыз үйде «қыдырып» тышқан,  
Қалғандай сұлдем табытта шіріп.  
Жеті қат түнде жұлынып шыққан,  
Жырларым жатыр жарыққа шағып.

Қайтарсам ба екен, сараңдар кегін,  
Көтере алмайды-ау, сорымды иық.  
Келеді кейбір адамдар менің,  
Жолымды қиып, тоғымды қиып.

## АҚҚАЙЫҢ

Аунап жазғам бөбек жырды шалғынға,  
Бір қасиет жұғып қалған бар мұңда.  
Содан бастап табиғатты серік қып,  
Шер тарқатам батып кетсем зар-мұңға.

Аққайыңым бар еді өзі – бір тұлғы,  
Қуықтай бөлме, кетті-ау сенің шырқың да.  
Қаламымда ап қиналғанда, қолпаштап,  
Тербелетін тереземнің сыртында.

Қалаға алғаш келгенімде жар салып,  
Ешкім мені алмаған-тын қарсы алып.  
Жалғыз ғана аққайыңды көргенде,  
Ол да қалған, мен де қалғам тамсанып,  
Бірақ, оны байқамапты барша жұрт.

Ниетіміз таза еді ақ қардай,  
Ақынға ұқсас пейілі оның, пәк қандай.  
Ұйықтағанда сыбдырынан балқушы ем,  
Сырын айтып, сұлу қызым жатқандай.

Жобасы оның әжептеуір ғұмыры,  
Тексіздерден тез құлады тұғыры.  
Жұлып алды, жарылды деп бір күні,  
Пәтеріңнің су жүретін құбыры.

Қайырымсызға қайтем енді өкпелеп,  
Жұлмай-ақ та жөндеуші едің, көк төбет.  
Ауыстырып көріп едім бөлмемді,  
Ауыстырып түк ұқпайды көк терек.



## ӨМІР

Момын жан едім аласұрмаған,  
Әй, өмір, бір сәт қарашы маған.  
Уата алмайтын уайымсыз уақыт,  
Жақынымдайсың жаны ашымаған.

Қызығып кіргем жырға басында,  
Тұрғанымды білмей мұң жағасында.  
Бауырыма сені балағым келед,  
Безбүйрек неме, бұлданасың ба?

Сүйсем деп ойлайм, аймалап тұрып,  
Тұрақсыз екен тайғанақ қылық,  
Өзім деп келдім өмірге мынау,  
Жібергің келед қайда лақтырып?

Ырқыңды бөлмей ырғаласың да,  
Бұрмайсың мойын, бұлданасың ба?  
Саудамды сатып, сау жүрер ме едім,  
Қызықпағанда жырға басында.

Менің де келер кезегім ғаріп,  
Сүйегім қурап, өзегім жанып.  
Өлсем де ертең өгейім демей,  
Орныма қояр өз елім барып.  
Өшпеспін анық өркенім өсіп,  
Өр елім жүрсе өлеңімді алып.

ДОС

*(Бейімбет Қаураұлына)*

Сол жылдың қайтып,  
Самалы маған еспеді,  
Қыл өтпес дос ек,  
Араны тағдыр не істеді?  
Басыңа барып,  
Бетімді сипай алмадым.  
«Өлдім де, өштім,  
Ұмытты-ау» деме, кеш мені

Сол жылдың қайтып,  
Қызығы маған келмеді,  
Ойлаған жоқ ем,  
Ажалдың сен деп – ермегі .  
Көбесі беріш, -  
Көкірегім неткен шерлі еді,  
Көрмесең, жаным,  
Кінәлі қылма сен мені.

Қауызыңды ашпай,  
Қыршында кеттің бүр жармай,  
Теңселіп дүние,  
Төбемнен жасын ұрғандай.  
«Жолдасың Бекен,  
Қайтыс бопты» - дегенде,  
Аһ, ұрып едім,  
Бір қанатым сынғандай.



Жазуы солай,  
Тағдырмен қайтып арбасам?  
Өкпем жоқ менің,  
Налама енді нанбасаң.  
Алыста жүріп,  
Жырлағаннан не пайда,  
Басыңа барып,  
Бетімді сипай алмасам?



## ҚЫРСЫҚ

Қулық жасап көрсем бе, «ымды» біліп?  
Бірақ онымен аламын кімді қырып?  
Бағдаршамға ұқсаған қайран бағым,  
Түбі мені тынады жынды қылып.

Түк сездірмей жүремін тоқ баладай,  
Басқа «мүйіз» біткендей, боп қарағай.  
Болыс болу тимепті бабама да,  
БОМЖ болу, тәйірі боқтан оңай.

Өзіме тән армандап, болжап тұғыр,  
Ол да орындалмай-ақ сорлатты кіл.  
Біреулердің басына бақыт құсы  
Ұя салып кетеді, қонбақ түгіл.

Хадисті оқып, сиынып ұйықтадым,  
Зекет бердім, қажеттің қиып бәрін.  
Маған тілек айтылса, қырсыққандай,  
Періштелер тыңдайды-ау сүйікті өнін.





АҚСУ – АЮЛЫ

*Бұғылы мен Тағылы  
бүркіт салған,  
Ұйпалақтап тасыңда  
түлкіңді алғам...*

**ИМАНЖҮСІП**

Баһадүр болмыс – Бұғылы батыр,  
Тағылы – ақын тағдырлы.  
Қарашы, қалай құбылып жатыр,  
Қағазға түспей қалғырды.

Танытпай текті құс-тазың тұрпат,  
Апайтөс – Ақсу-Аюлы.  
Өңгеріп алған түз-тағыңды ұрпақ,  
Меңгеріп алған баюды.

Жұмылса жұдырық жұмыр боп төпер,  
Қабырға сөгіп тақымы.  
Ұл тумай қойды-ау, құлың боп кетер, -  
«Қыпшақтың қырық қатыны».

Азаннан салып мұнарың сонша – өн,  
Құдыретің жетсе айт анық.  
Құранмен мықты дұғалар болсаң,  
Нұрамды берші қайтарып.

Табындым алжып ақылым кетпей,  
Тасыңа тиді тар маңдай.

Батырмын деуге батылым жетпей,  
Ақынмын деуге ар бармай.

Тәңірдің тылсым әмірін тостым,  
Ұрымтал уақыт – «ұртоқпақ».  
Тамылжып Тағылы тамырын соқсын,  
Бұғылы басына бұлт тоқтап.



### ДЕПРЕССИВТІК СЕЗІМ

Таңғы шықтай үзілуге шақ қалған,  
Тағатымды таусып бітті тәтті арман.  
Сенің бүкіл болмысыңды іздеймін,  
Арқа жаққа алғаш жауған ақ қардан.

Бақытымды бұлдамаймын кешіккен,  
Соған сеніп қапы қалдым несіптен.  
Түрі маған, түбі саған тартатын,  
Белдегіні көрсем бақыт – бесіктен.

Қылығы бал, уылжыған қыз біткен,  
Мүддемізден шығып жүр ма біз күткен?  
Өміріме серік бола алатын,  
Өлеңіме сен ғанасың үздіккен.

Екінтіде егіліп күн «қайғырат»,  
Сәулесімен көл бетіне Ай құлап.  
Ақ пен қара қайшы келу заңдылық,  
Ар – адамнан, қар – көктемнен  
қаймығат.

Екі көзім қып-қызыл боп қанталап,  
Махаббатпен ойнағам жоқ, анталап.  
Зәмзәм еді менің алғаш сезімім,  
Запыран ғып кеткен қаншық зөнталақ!

Тайғанақтап таяқ жедім тағырдан,  
Зәрем ұшты қар аралас жаңбырдан.  
Күдерімді мүлдем үзіп кетіп ем,  
АРМАН –дейтін орындалмай қалғырдан...

\*\*\*

Телмірте берген Шығысқа,  
Батыстан сіңген қалың ой.  
Өлең-ау, бізге дұрыс па,  
Өлгенде келген абырой?

Қайыршысындай Мысырдың,  
Патшадан биік, паң құлдар.  
Өмірден нені түсіндің,  
Өлеңде басы қалғырлар?!



## ЖАҒАНДАҢУ

Өшкеніміз жанбады,  
Өлгеніміз тіріліп.  
Алашты күдік арбады,  
Алладан ғана бар үміт.

Сұлтанға қарап жұрты таң,  
Қазынам қайда құйылды?  
Қаймағын кілкіп құл-құтан,  
Қазаққа қаспақ бұйырды.

Бодан боп қандай ұлт оңған,  
Көрмегендейсің түк қайғы,  
Жүз ойланып, мың толған.  
Алаштан – АҚШ шықпайды!

Қызығып әлем-жәлемге,  
Қиялың түбі шерлі етет.  
Біз ғана ма едік әлемде,  
Астанасы бар мемлекет?!

Нәсілдің ақ-қарасы жоқ,  
Дүн-дүниені қайран ғып.  
Адамзат асханасы боп,  
Дәретханасына да айналдық.

Махамбет пен Кененді,  
Баһадүр, батыр бабам деп.  
Тарихты сұмдық шегерді,  
Алтынбек пен Заманбек!

Кеуденді бір кек қозғасын,  
Қаһарға мінсең ғажапсың!  
Аралдай құрғап көз жасың,  
Маралдай және аз-ақсың.

Бейнетін көрдің түреннің,  
Зейнетін енді сен көрсең.  
«Мың тіріліп, мың өлдің»,  
Тірілмейсің, енді өлсең!

Сөйлемей ана тілінде,  
Итаяқ берсең ұят-ты.  
Дана қазақ бүгінде,  
Бала Әмірхан\* сияқты.

**БАЛҚАШ**

Серілік құрып, сауыққан жерім,  
Алаң да, алаң балаң жүр.  
Көресінімді зауыттан көрдім,  
Әйтпесе менің қалам бұл!

Желмая мінген абадан жырау,  
Тамсанып айтқан текті өлең.  
Желпініп өскен қаладан мынау,  
Жетіскенімнен кетпеп ем.

Мұржаңнан шыққан жаңбырсыз бұлт,  
Көшірмесіндей тамұқтың,  
Аққудың бәрін тағдырсыз қылып,  
Жаратпағанын жаңа ұқтым!

Ажары тайып, солған гүл жылап,  
Ғазалыма көрші ал шыдап!  
Өзімше күткен сол жаңбыр бірақ,  
Көзімнен шықты тамшылап.

Меселім қайтып, мысым басылды,  
Баз кешіп қайда беземін?  
Көкше теңізім құсын жасырды,  
Көкшетау жақта сеземін.

Бөктерде емес, көкте гүлдеген,  
Шынарға біздей қайыр бар.  
Шапанға сыйып кеткеніменен,  
Шаһарға сыймас шайырлар.

Сорпадай қылып сорыңды ішкенде,  
Қайғымды менде ұлғайтам,  
Көңіл айтармын жолым түскенде,  
Көліңе айтам ба, кімге айтам?!





## ЖЕРҰЙЫҚ

Сағымдай күннің білемін құнын,  
Сағынып жүрген, жүрегімді ұғын.  
Жөргегіндегі сәбидей едім,  
Жер-көкке сыймай жүремін бүгін.

Жезқазған десе жанасың бағым,  
Сонда еді менің жан ашырларым.  
Жамырап жүрген жезкиіктердің,  
Іздесең соның арасындамын.

Тотыдай қызға телмірген едім,  
Мен қауыз жарып, сен гүлдеп едің.  
Қарашығыңдай қарайып тұрған,  
Кермек жасым бар, Кеңгірде менің.

Шындықты айтып, шыңғырған көкем,  
Дәл Сіздей мен де құрдымға кетем.  
«Сарыарқа» күйі сенің дүбірің  
Сайын далада мыңғырған бөкен.

Қуәгерісің, лаулаған күннің,  
Ызғарыңа да жаураған ұлмын.  
Сен жарқыратқан маңдайды мынау,  
Тасқа да ұрдым, тауға да ұрдым.

Бағалар ма едік өз биіктерін,  
Байлығың сенің – көз күйік дедім.  
Кермиығысың керімдей қыздың,  
Жерұйығысың – жезкиіктердің.

ТАҒДЫР

Қасымның әні, Қасымның жыры,  
Арманда кеткен асылдың ұлы.  
Дауылдан кейін қоя ма деп ем,  
Дауасыз екен ғасырдың мұңы.

Қарағайлы өңір, қарқара мекен,  
Қайғыңда ештеп тарқаған екен.  
Қарызы жоқ қой, ақынның ұлтқа,  
Арызын қалай арқалап өтем?!

Өлеңнен мүсін соға алған жасын,  
Өзегін өртеп, сол армандасын.  
Өлімге басын ел үшін тігіп,  
Өмірге мәңгі оралған Қасым!

Шағылып тауы, сағы сынбаған,  
Бойдағы оқты ауырсынбаған.  
Құрыштан құйған қарудан гөрі,  
Қауыпты бізге қауырсын қалам.

Дәруіштің күнін мен кешіп келем,  
Дәуренім барда белдесіп көрем.  
Талдысай менен Кеңсайдай шығар,  
Талбесік пенен жербесік деген.

Құрдымға кетіп құмға сіңбесе,  
Қаңғыртқан қоғам тұлғасын кеше.  
Қара өлең саған жан бітер еді,  
Қара орман жақтан, бір Қасым келсе.



Құласаң, солай заңғардан құла,  
Жетесің түбі армандарыңа.  
Қасым да өтті-ау, ғасыр да өтті-ау,  
Не дейсің енді жалғанға мына?!

**КӨШ**

Әжемнің көзбен көріп ертеңтерін,  
Ай көрдім,  
Шолпан көрдім,  
Айман көрдім.  
«Төтем-ау» – деп, айтатын еркектерін,  
Әкем-ау, Алматыға қайдан келдім?

Құзға біткен армандап еңілікті,  
Қызғанышпен етекте құрадым ба.  
Азығы халал болған тегі мықты,  
Жазығы жылқы жылы туғаным ба?

Сатқынмен табақтаспай,  
Тамырласпай,  
Ұлтшыл,  
Кекшіл,  
Ұрда-жық,  
У тілді едім.  
Шыр айналған ғұмырда  
бағымды ашпай,  
Шыңғырып кермеде тұр рухым менің.

Елемесе...  
Егер де елесеңдер,  
Ойламаңдар,  
Тым ерке өскен ұл-ау.  
Арқаның бөлтірігі демесеңдер,  
Арқардың қатысы жоқ көшке мынау.



Ұлттық рухты қойып, руға жақын,  
Мақтамен бауыздаған майдан құрсын.  
Ақпанда сәби болып туған ақын,  
Қақпанға көп түсерін қайдан білсін.

Сенде еді ғой Қызыларай,  
терек-шынар,  
Мейірімге қайтейін тұл қаланы.  
Сахарада сандалту керек шығар,  
Сарыарқаға сыймаған бұл баланы.

Көрмегенді көрсетіп жүрген аяқ,  
Алматыда алақан жайған адам.  
«Жас жүрегім саусағын күнде жаяд»  
Ұнамай ма?  
Кет! - десе  
Қайда барам?

ДҰҒА

Айналайын, Бостандық!,  
Үркерге ұқсап сен ауғанда басымнан,  
Қаным –судай шашылған.  
Бекзаттарым атылған һәм асылған,  
Ғазиз жырмен дұға сұрап отырмын,  
Мынау, ғазал ғасырдан!

Айналайын, Азаттық!  
Бода-бода жаспен келген бұл арман,  
Қырық құрау ұлттан құралған.  
Боздап жүріп, өрең шықтық тұманнан,  
Күлтегіннің ұрпағы ғой көуірдің,  
Күл-талқанын шығарған!

Айналайын, Еркіндік!  
Кек сақтамай өткен күнді кешірдім!  
Балақ бауым шешілдің,  
Күн астында армансыз бір көсілдім,  
Жаһан жұртын аузыма әлі қаратам,  
Жағасында – Есілдің!

Тәуелсіздік – Тұмарым!  
Тұраным сол, аман-есен қалдың ба,  
Арда туған азаматтар бар мұнда,  
Аяқтарын шалдырма,  
қанаттарын талдырма.  
Алтын басы иілсін, қос тізесі бүгілсін,  
Тек Алланың, алдында!



АҢҒАЛ

*Дәурен Берікқажыға*

Қыршылмаған бармағымыз жоқ еді,  
Қыршын кеткен арманымыз көп еді.  
От шығарған жүректе өлең сөнеді,  
Боқ шығарған күрекпенен көмеді.

Дәурен, сенің кездерің көп тірі өлген  
Білгеннен соң айтамын ғой, –  
білем мен.

Сендей мөлдір, ғазиз жанды апыр-ай,  
Боқ дүниеге не істесін деп жіберген?

Не іздедің?  
Не жоғалттың бұ жақтан?  
Жан шығарсың хор қыздары ұнатқан.  
Тыныш жүрмей бірдеңені бүлдіріп,  
Қашып шыққан Адамдайсың  
жұмақтан.

Шел басқан соң шайырлардың  
жанарын,  
«Гүл мен қылыш» шерін жазды  
қаламың.

Ажалынан қаймықпайсың Алланың,  
Ар алдында жүзі жарқын – Адалым!

Бақытыңды он орайтын сорың бар,  
(Құлыншақтар, сендер аман болыңдар.)

Атағынан ат үркетін ақынды,  
Қатарынан биік қойған тобырлар

Атан белін қайыстырар – Ар жүгін,  
Арқалаған аянышты тағдырың.  
Қияметте кешіре алар ма екенсің,  
Қиянатқа қиғандардың барлығын...

Мендік жүрек тілдеседі көкпенен  
Жердегінің көбісіне өкпелі ем.  
Өмірді де ұнатқаным шамалы,  
Өлеңді де – жек көрем!



**МҰҢ ШАҒУ****(АБАЙҒА)**

Уа, һәкім, сен жайлы ода көп,  
Мен жайлы өсекте жоба жоқ.  
Алтыннан ардақты абызым,  
Алаңда тұрсың ба, қола боп.

Түгенделмеген соң жоғымыз,  
Арылмай қойды бір сорымыз.  
Не деген жеңіл ед, тұзымыз,  
Не деген ауыр ед, жолымыз?!

Осыдан бірнеше жыл бұрын,  
Кеудемде өзгеше ед күмбірім.  
Ал, бүгін бозторғай боздайды,  
Ол кезде сайрайтын бұлбұлым.

Мінезден болдым-ау, қара бет,  
Шартпа-шұрт кететін бар әдет.  
Уайым мен ойлардан қажыдым,  
Жынданып кетпесем жарар ед.

Көріне бермейді сұлбаң көп,  
Әйтеуір қалада тұрған боп.  
Құныңды қойшы ол, көк тиын,  
Мұңыңды шағатын бір жан жоқ!

Адамға ұқсаған пішіні,  
Ей, өңшең, қорқаудың күшігі!

## Бағдат МҮБӘРАК

---

Сендердің төкөпарлығыңнан,  
Ақынның мейрімді мүсіні.

Уа, һәкім, сен жайлы ода көп,  
Мен жайлы өсекте жоба жоқ...



## ПАТРИОТИЗМ

Отаным деп от кешкен,  
Батырлар-ай, кеуделерін оқ тескен.  
Ұят-ай, ертең ел не дейді, мен жайлы,  
Олай-бұлай боп кетсем.

Қасқалдақтай қанымды,  
Бір жапырақ жанымды,  
Қажет десең, құрбан етем барымды...  
Өзір менен сұрай көрме ештеңе,  
Өрең тауып жүрген кезде нанымды.

Патша келіп отырған да таққа алғаш,  
Ей, менің де жанарымнан аққан жас.  
Отан үшін қылша мойным үзілсін,  
Қайда қалмай жатқан бас!

Ауызы аққа,  
Ауы атқа жарымай,  
Мына ұлтқа не күн туды, а, Құдай?  
Қай бұрышта қалдырасың мүрдемді,  
Қазағым деп, күйзелетін жаным-ай.

АВТОПОРТРЕТ

Сыр ашпайтын соқыр жанға,  
Жан екенмін төзімді.  
Өлең жазып отырғанда,  
Жақсы көрем өзімді.

Ішінде-мұң,  
Ұшында-жыр,  
Қарға бойлы қаламсап,  
Жүрегімнің тұсында жүр,  
Саусағымды әлі аңсап.

Жырға арқау ғып болмағанды,  
Түнде кірпік қақпаймын.  
Төс қалтамнан сол қаламды,  
Кейде сілкіп таппаймын.

Уақыттың мінбесінде,  
Түбінде бір сөз алам.  
Не көрмедім жыр көшінде,  
Өлеңі-адал,  
Өзі-арам!

Жан-Тәнімнің жақұты ұдай-  
Кеудемдегі Ар-Намыс.  
Бір өлеңнің бақытын-ай,  
Бірнеше күн алданыш.

Дәтім бармайд сұрауға да,  
Қаламымды кім ұштар.  
Сәбиге ұқсап жылау ғана  
Мен бітірген жұмыстар.



ЕСІЛ ӨМІР

*(ақын бауырларыма)*

Ауылдан алғаш келген құлыншақтар,  
Құлыншақтар, дәл мендей ұрыншақтар.  
Есіл өмір - Ертістің ағысындай,  
Ертең жоқ қып жіберед,  
Бүгін сақтар!

Жастық шақта жауқазын жыр көп еді,  
Қазір мазаламайды күнде мені.  
Ақыл айтқан адамды кім жақтырсын,  
Ақын айтса, біледі ол бірдеңені.

Қаңғыдым,  
Қалжырадым,  
Қалғыдым да,  
Вокзалда, Бұқар жырау даңғылында.  
Талай сығып алғанмын көз жасымды,  
Арқаның аспан тұтас жаңбырында.

Есерсоқ кездер түсіп есіме дүр,  
Таусыла берген екем несіне құр.  
Сөйлегің-ақ, келеді шешіле бір,  
Сөйлесуге тұрмайды, есіл өмір.

Қалғаның қандай жақсы жұмбағым боп,  
Жылы сөздер естіді жырларым көп.

Мен де биік боламын...

Өттең, бірақ,

Біздің жұлдыз жанғанша кім бар,  
кім жоқ?!

Сағымға айналған соң сәулемдей қыз,

Қатынның қабағына тәуменді ұйміз.

Ақылдың бәрін ішіп тастасақ та,

Біз байғұс сол бір кезді "дәурен" - дейміз.

Тірлігің құрсын мынау шәрідегі,

Сандалып жүру екен әрі-бері.

Аузыңа өлдім десең су тамызбайд,

Көбісі сондай... (әлде, бәрі ме еді?)

Құрдай жорғалауды да білмей барам,

Кейде осы тірлігіңді күндейді адам.

Тарыдай ойдан жасап, таудай қайғы,

Зәредей мұңның өзі зілдей маған.

Сеземін, көп ішінде ит өлгенін,

Жалған сөзден жұқарды жүйкем менің.

Батпандай шер өлеңге сыймайды екен,

Дос жоқ қой,

Досым болса бүйтер ме едім.

P.S. Күз келді күлім қаққан

жастар, міне,

Махаббаттың маусымы басталды де.

Тек қана қыз-қырқынның орны бөлек,

Ол енді...

Басқа әңгіме...

**ҚҰБЫЛЫС***О. Бөкейге*

Жасыратын несі бар құбылыс ед,  
Кеудесінде дүрсілдеп бір уыс ет.  
Біз кімді жоқтамадық айлап-жылдап,  
Тірілетін жан болса, тірілуші ед.

Тасымыз содан өрге домаламай,  
Сұм тағдыр көзді жапқан томағадай.  
Жазғанын жалпақ жұртқа жайып тастап,  
Жарасын көрсетпеген Орағам-ай.

Жалғанды, о, тас керең, меңіреу де,  
Меңіреуге бола ма еңіреуге?  
Қайдағыға қайғырған қайран жүрек,  
Қашанғы көтереді сені кеуде?!

Төбесінен жатса егер ақша құйып,  
Ғазиз басын пенде өтер патшаға иіп.  
Шалқайып жүрмегенің содан шығар,  
Сенің еңкейетінің – басқа биік!

Тасын түгендесемде тәспіғымнің,  
Тілін табу қиын ғой тас тұғырдың.  
Жүрегім тоқтап қалды демесеңіз,  
Үнемі астындасыз жастығымның!

Сұстанып неге мынау түнерді аспан,  
Сыпырылып қалардай жүген бастан.  
Тартпасын босатса егер құранды ердің,  
Қайдасың деп тартар ем, күрең қасқам!



АҚЫН ҒҰМЫР

Орындалып жатса да бүкіл арман,  
Талайды қу қара жер жұтып алған.  
Қақ-соқта шаруасы жоқ қауақ бас қып,  
Жаратыпсың оған да шүкір, Аллам.

Ақын боп нең бар еді, ақымақ-ай,  
Айтудай-ақ айтты ғой һәкім Абай.  
Сүйкімді көрінетін перизатым,  
Сүйкей салған өлеңге татымады-ай.

Кеудемді күмбірлеткен, күй ағын боп,  
Сұлуға кетуші еді қиялым көп.  
Үлбіреп өзі үзіліп түспесе егер,  
Қыздарға аса менің зияным жоқ.

Шайырды сойқан дейтін  
  сорлы адам жүр,  
Түсіне алмай кетеді-ау оңбаған бір.  
Ала-құла, қайтейін, күй кештірсе,  
Анау-мынау адамға қонбаған жыр.

Біздерге жар болған ғой жалпы Құдай,  
Әйтпесе асқақтай ма нарқы бұлай.  
Өзектегі болған соң өлең сондай,  
Өзім қайда барамын, жарқыным-ай.

Сөгерсің қар көбесін алтын күрек,  
Көктем шуақ шашқанмен,  
  салқын жүрек.





Қыз ғұмырдың қызығын көре алмаған,  
Түсіме неге сол бір марқұм кіред?

Маужырап құшағында барақ түннің,  
Ойқастаған ойларды талақ қылдым.  
Көптен жаза алмаған өлеңіме,  
Көктен жаңа түскендей қарап тұрмын.

Шындық деп суға баттық, отқа күйдік,  
Дегенмен жетпейді екен жоққа жүйрік.  
Сөзіміз өтпейді екен тірі жанға,  
Көзіміз жеткеннен соң, ноқта кидік.

Жылдарға жоқ базынам, ғасырға өкпем,  
Дүрия, Мағжан мен Қасым да өткен.  
Жұрт сияқты жұлдызым сорғаламай,  
Жарқ ете ғап түсемін, жасын боп мен!

Болмаған соң ойға сақ, сөйлемге абай,  
Құлдилап бара жатырм төмен қарай.  
Есі дұрыс адамға ұқсамаймын,  
Осы менен шығады өлең қалай?

Бүгін де көздер – зағип, құлақ – ғаріп,  
Сонда біз кімге жүрміз сыр ақтарып?  
Қай пұшпаққа шығарад бес күн жалған,  
Құрығанда бермепті бір апта ғып.

Тағдырымды көрген соң, ақылды аттай,  
Маң-маң басып жүрсемші тақым қақпай.  
Қозғамай-ақ қоюым керек еді,  
Қоз боп жатқан отымды лапылдатпай...



ТЕЛҚОҢЫР

*(С.Сағынтайға)*

Бұйырған Соқыр мәңгі ғұмырға,  
Киерміз кебін солардың.  
Құлын боп келіп барлығы мұнда,  
Құлы боп кеткен қоғамның.

Күңіреніп таулар, далаң еңкілдейді,  
Төбесін бұлт торласа.  
Ауылың қазір адам өлтірмейді,  
Ауруханасы болмаса.

Жолыңа қарап жүзі қараяды-ау,  
Өңмені – өксік өлеңдей.  
Менмұндалап тұрған Қызыларай анау,  
Мені көрдің бе дегендей.

Ауасы да оның алабөтен ғой,  
Тұрғандай тіреп төбең көк.  
Поэзия деген далада екен ғой,  
Қалада ондай өлең жоқ!

Өткердік талай аламанды да,  
Азулы дейтін аз ақын.  
Қара таппаймын Қарағандыда,  
Қайраттай\* мөлдір жазатын.

Абайдың өзін ұмытты-ау бәрі,  
Біз кімге енді медетпіз?



Еске алулар мен құттықтауларды,  
Шығару үшін керекпіз.

Бүйтіп көгерген көсегем құрсын,  
Ұқсамасаң тумағыр.  
Мен қайғырғанда осы өлең үшін,  
Сен қайда қалдың, қу бауыр?!

Кіріптар болып өмірім Арға,  
Шылқыта алмадым шекені.  
Көзің жетпесе (көңіліңе алма,)   
Сезімтал болсаң жетеді...

\*\*\*

Қорлығы өтті тағдырдың  
Қанатымды қаға-қаға талдырдым.  
Тірлігімде шықпай қалса осы өлең,  
Соны саған қалдырдым!

Мансапқордың ісін көріп ойландым:  
Бізді соған тәуелді етіп қойған кім?  
Ол өмірді он сегізде түсінген,  
Мен өленге он сегізде тойғанмын!

Көсегем жоқ көгерген,  
Дүние боқ артылмайды дөдеңнен.  
Атақ алғың келмейді екен арсыз боп,  
Біреу қарап тұрғаннан соң төбеңнен!



МЕН ТУҒАН АУЫЛ

*Дәурен Әркеновке*

*Қанатын дірілдетіп, өлеңге ұйып,  
Үйренген ән мен жырды бізден  
бұлбұл...*

**Б.ТӘЖІБАЕВ**

Томағасын сыпырған тұғыры аңыз,  
Ақсораң деген тау бар, шыңы –

жар-құз.

Қомданып талай қыран қанат қаққан,  
Ақсұңқардың ұшпаған ұлы жалғыз.

Жыл да тозып барады,  
Күн де ескіріп,  
Қай жырымды оқиын міндетсініп.  
Ұшқыр уақыт ілесіп отыр дейді.  
Біреудің есегіне мінгестіріп.

Әкем де бетке алып ана әлемді:  
- Сенен үміт күтем деп, балам енді.  
Қалай сеніп тапсырған әлі таңмын,  
Қара нарға жүк болар қара өлеңді.

Құбылып шыға келсем бұлай тағы,  
Хамзиннің шертпе күйі мұңайтады.  
Отызда ордам қалды бұзылмаған,  
Күләштің бауыры деп кім айтады?

«Ақ қайың, қызыл қайың,  
сырлы қайың»,  
Қыз мұңайса,  
Басады ұлды уайым.  
Шашеке,  
Шақшамыз бос,  
Ақшамыз жоқ,  
Бізді де оңдырған жоқ, бұл Құдайым.

Тоймаған табиғатқа танакөзі,  
Даламның Дәртай еді дарабозы!  
Қазақтың 100 әніне локомотив,  
Марғасқа Манарбектің «Паровозы»!

Әсеттей ән қадірін түсінет кім?  
Әншіге жүгі ауыр «Қысыметтің»!  
Шатырша шешіп еді балақбауын,  
Алтайды бауырға алып ұшып өттің.

Мекені әнші, күйші, кемеңгердің,  
Шайырға шерге қосып, шемен бердің.  
Бір шетінен жырлауыма тіл жетпеді,  
Дәуітәлі «Жұмағым» деген жердің!

**ҚЫРАНДАР МЕКЕНІ**

Қыздары сұлу һәм саумалдай,  
Алтайдың ұлдары таулардай.  
Ақынын оқыңдар шөлдесең,  
Шығыстың шайырын аудармай.

Сорғалап ырзығын бүрген боп,  
Жырды ермек қылғандар, мүлдем көп.  
Жидебай қасында Абай бар,  
Кеңсайдың басында кімдер жоқ?!

Байланып қалғандай кіндігім,  
Сағындым «Жорғатай» күмбірін.  
Шығыстың келіні сияқты,  
Ұлыстың түретін түндігін.

Алтайдан әрі асып нар жүгі,  
Жаншыды-ау, Ұлы көш тағдыры.  
Үш шекті домбыра шертілсе,  
Үш жүздің шығады зарлы үні.

Келтіріп шанақтың тиегін,  
Боздатып жырлайтын киелім,  
Біреудің көзінше сүймеймін,  
Мен сені өзімше сүйемін.

Ақша бұлт жамылған сеңсең боп,  
Онсызда түсті ғой еңсең көп.  
Жетермін мен саған қуанып,  
Кетермін содан соң кемсеңдеп.

## Бағдат МҮБӘРАК



Көз жасы секілді Алакөл,  
Мөлдіреп, сарқылып барады ол.  
Ажалды жазбаса шыңдардан,  
Алтайдың құзына қарап өл!





### ЖЕЛТОҚСАНДЫҚТАРҒА

Жаназасыз жан тапсырған жаһаннан,  
Ода жазу обал саған қаһарман.  
Қалғып жүріп бір ескерткіш орнаттық,  
Қанның исі аңқып тұрған шаһардан.

Шыңырауда шырылдаған шындығым,  
Құлақ кесті, құлдай сені қылды кім?  
Түсініксіз естеліктер оқимын,  
Негізі олар...  
Немесе мен жындымын.

Қиял кезіп, қуып жүрген тұз де елес,  
Қабырғалы қазақ ерін іздемес.  
Өренім-ау, өкінбейсің өмірі,  
Батыр болсаң, басқа ұлтқа бол,  
бізге емес.

Екі қоғам көргендерді тауыспай,  
Ақиқат жоқ екі буын ауыспай.  
Есімдерің есіл ерлер дұғамда,  
Тағы қанша жыл жүреміз қауышпай?

Көз алдында қызыл-жоса қан далам,  
Құлын мүше қыршындарды жалмаған.  
Жанартау боп сонда атылып кетпеген,  
Алатаудың жүрегіне таңқалам!

АХАҢА

Арқадан сая таппай ауған киік,  
Мынау сенің көз жасың жауған құйып.  
Сарыарқада Ақсораң - ең биік тау,  
Жаңаарқада Ақселеу таудан биік!

Көгермей Көкшетаумен Ақан сері,  
Сейілмей «Сарыарқамен» Ахаң шері.  
Ыңылдап жүрмін енді Ыбан құсап,  
Үзіліп домбырамның қатар шегі.

Жер мынау, сүйек артып түйе шөккен,  
«Абылай аспас сары бел», киесі өткен.  
Арыс өліп, намысқа жан біткен жоқ,  
Құл есекпен күнелтіп, би есеппен.

Құлдыраңдап құмда өстің, қида жатпай,  
Қабырыңның қадыры – Иманақтай.  
Жоқтау жаза береміз жампоздарға,  
Ұлтын сатқан тіріні иман атпай!

Түспеген қолдан тәспіх, төрден құран,  
«Дәурен-ай», Жәнібекке көнген бұл өн.  
Қай құздан ажал құшты, Аллаға аян,  
Қаралы көшпен бірге келген қыран.

«Самғаған аспанында сары даланың,  
Сағындым бозторғайдың салған өнін...»,  
Қымызы Жаңаарқаның табылады-ау,  
Қызығы Сарыарқаның бар ма, жаным?..

**МҰҚАҒАЛИ БАСЫНДА**

Жаның ашымасыншы Құдай үшін,  
Сенімен шайылмайды назым, жаңбыр.  
Қырық баспа табақтан шынайысың,  
Құлпытасқа қашалып жазылған жыр.

Жападан жалғыз қалсам жанарымда –  
Шықты да жасырмады-ау мөлдіреген.  
Досқа күлкі, дұшпанға таба қылма,  
Соңғы дем,  
Соңғы сапар,  
Соңғы өлең.

Өмірден мен де үздім күдерімді,  
Әділдіктің төркіні сияқты өзіл.  
Соған бола ауырған жүрегімді,  
Біреуге сыйлайын десем, ұят қазір.

Ақ дидарлы Алатау, жағасы кір,  
Көгендеп қозы қарын бұлттың бөріні.  
Кеңсай менен кеңсенің бағасы бір,  
Жұмаққа апарардай жұрттың жанын.





Басыңды сайқал әнші айналдырсын,  
Сауық құрсын, қайтейін,

сайран құрсын.

Дәлдүріштің соңынан өрген ұрпақ,  
Дөнештей дарабозды қайдан білсін?!

КЕШЕ. БҮГІН.

Азуын айға білеген,  
Мүйізі көк тіреген.  
Мемлекет деп бағалайтын өз-өзін,  
Отаныма арнайыншы бір өлең.

Тәуекелге бел байлап,  
Тауқымет пен таланы көп елді ойлап.  
Қайран да менің Еділім – деп,  
қан жұтқан,  
Қазақ отыр Есіл бойын ен жайлап.

Ей, менің, күре тамырым!  
Басқа-басқа сен біл мұның қадырын.  
Жағам жайлау болса бұрын, жарығым,  
Махамбеттің басын жоқтамаушы едім,  
Мағжанның іздемес ем қабірін!

Ей, менің, қара орманым!  
Бұған қашан жетіп еді қолдарың?  
Жан болса ғой күйетін,  
Ар боласа ғой сүйетін.  
Қан-жоса боп қорғаудай-ақ, қорғадың!

Бір атаның баласы,  
Алтын тонның жағасы.  
Кеше сенің қаһарыңнан қаймыққан,  
Кесірткелер айдаһар боп от шашты,  
Атжалмандар аю болды қарашы!



Ұлан ғайыр Отаным ғой бұл менің,  
Неге екенін білмедім.  
Неге ішінде жүргендейміз түрменің?  
Кермедегі тұлпардай,  
Торға түскен сұңқардай,  
Неге сонша аянышты түрлерің?!

Ұлдарымның жүрегінің түгі жоқ,  
Қыздарымның табанының бүрі жоқ.  
Сала-құлаш тілі қалды аузында,  
Көрінгісі келеді һәм ірі боп,  
Айта берсең жыры көп...

Судай жаңа Астанам,  
Удай қымбат баспанаң!  
Дат айтуға келген кезде, Құдай-ай,  
Кісі өлтірген қылмыскердей жасқанам.  
Арысымды атқаны аздай залымдар,  
Намысымды қоса жерлеп тастаған!

Өрттей қаулап, дерттей жалмап өлкеме,  
Кімдер шықпай жатыр бүгін желкеме?!  
Көзсіз батыр,  
Сөзсіз ақын едік қой,  
Ерте – ерте, ертеде,  
Ешкі жүні бөртеде...

Қабырғасы қайысып,  
Адырнасы майысып.  
Ел қорғаған бабаларға таңқалып,  
Өзге ұлттың бір пәтерін жалға алып,  
Отырған, сол, шәй ішіп...

## ӨЗІМЕ ЭПИГРАММА

Қанша тыраштансаң да,  
  тағдыр шымыр,  
Ей, менің құр сұлдерім шандыр-сіңір.  
Қарағанды – қаласы қаңғыбастың,  
Қаңғыра алмай жүр едің,  
  қаңғыршы бір!

Ел сияқты болмасаң есепке дүр,  
Дәлізге сан түнерсің, көшетке бір.  
«Көмір болса, өмір бар» деп отырар,  
Шешеңнің үйі емес қой, шешек келгір.

Сұрағым көп...  
Ал қайдан жауап табам?  
Өз обалым өзіме, сауап маған!  
Көшелерді кеземін кездесер деп,  
Пешенемді түзейтін сауатты адам.

Күлтөбенің басында күпірлік көп,  
Ол да бізге, біз де оған түкірдік! – деп.  
Тағдырымның кім қояр леп белгісін,  
Бұл не деген бітпейтін үтір, нүкте ед?!

Қолдан «жұмақ» жасаған жұмбақ елі,  
Тірі жан түсінбеді мұнда мені.  
Ақшам ауса, күндегі уайымым:  
Бүгін қайда қонамын?  
Кім бар еді?...





\*\*\*

Ызаланып сындырдым  
                        қаламымды ұрып,  
Домбырамның тастадым  
                        шанағын жұлып.  
Жазған өлең, салған ән – бәрі мұңлы,  
Амалым құрып.

Абай, Жамбыл артса да түбінде өкпе,  
Мезі болған не десін жүгірмекке?  
Қорқыт – қобыз болған жоқ әттең, үйде  
Таза оның ұшырушы ем күлін көкке!

Бозбала күн аз емес, боздағаным,  
Рас, менің қалмады өзге амалым.  
Баққа барып құстардың әнін тыңдап,  
Енді соған әдемі сөз жазамын.

Затың жалған дүние, атың базар,  
Құстар маған құсни хатын жазар.  
Бұлбұл біткен шетінен композитор,  
Сүйтсем олар екен ғой, ақынға зар.

Шыңғыстауға қаққан соң  
                        жақын қазық,  
Балаң шақтың өткіздім сәтін қажып.  
Құстар ғана жаттайды сол өлеңді,  
Әйтеуір, атым қалды-ау, мәтін жазып.



Алматы , гүлзар бағы самал өтір,  
Санама селкеу салған қала көпір.  
Жыр қанат қомданады деген арман,  
Сырғанап жанарымнан бара жатыр.

Ақындар,  
Кімге абырой әперген мұң?  
Шіркін-ай, құлдыраса пәтерден құн.  
Жанымның қиналарын біліп тұрып,  
Тәнімді әрең сүйреп әкелгенмін.

Қалай арулады екен, дәті шыдап,  
Көрге құлай бергендей қапы сұлап.  
Біздің буын жалғасы – Кеңшіліктің,  
Кеңсайға жерленбейді ақы сұрап.

Ауыл-ай, аңғал ұлдың кетті бәрі,  
Аз жазып байғұс іштен көп тынады.  
Айтуға құрғыр жүрек дауаламайд,  
Қайтуға жібермейді беттің ары.

Құрдымға кеткен қоғам құбыла ма?  
Құлай берген дұрыс-ау, құбылаға.  
Өгей ұлдың өксігі демесеңіз,  
Өлең деуге бола ма, мұны да, аға?

## **МАЗМҰНЫ**

**Бағдат МҮБАРАК**

**АЛТЫН КҮРЕК  
(жыр кітабы)**

**Редакторы:**  
Серік САҒЫНТАЙ

**Көркемдеуші:**  
Алмаз МЫРЗАХМЕТ

Басуға: 09.01.2018 ж. қол қойылды.  
Пішімі: 60X84/16. Офсеттік қағаз. Офсеттік  
басылым. Шартты баспа табағы 6. Таралымы  
2000 дана.

Тапсырыс №

**MAG  
ZHAN**  
PRINTING HOUSE

---

Кітап «МАҒЖАН» баспасында беттелді.

Байланыс тел.: +7 702 267 68 48  
[magzhan.baspa@mail.ru](mailto:magzhan.baspa@mail.ru)